



## БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

Алматы қаласы

2020 жылдың 14 қазаны

### **KASE биржалық нарықтың 2020 жылдың III тоқсаны және тоғыз айындағы жұмыс қорытындысын ұсынады**

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE, Биржа) 2020 жылдың III тоқсаны және тоғыз айына биржалық нарықтың жұмыс қорытындысы туралы хабарлайды.

- KASE сауда-саттықтарының жиынтық көлемі 2020 жылдың тоғыз айында 85,6 трлн теңгені құрады, 2019 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 5,3 % немесе 4,8 трлн теңгеге өсті.
- Бағалы қағаздар нарығында сауда-саттық көлемі 21,5 % немесе 926,3 млрд теңгеге дейін өсіп, 5,2 трлн теңгені құрады.
- Корпоративтік облигациялар нарығында алғашқы орналастыру көлемі 1,0 трлн теңгені құрады, МБҚ секторында – 2,9 трлн теңге, "ХҚО бағалы қағаздары" секторында – 113,0 млрд теңге.
- KASE Индексі мәні 2,6 % өсіп, 2 425,16 нүктені құрады.
- Акциялар нарығын қаржыландыру тоғыз айда 2,6 % өсіп, 17,7 трлн теңгеге артып, Саудаланған корпоративтік қарыз көлемі 18,3 % өсіп, 14,3 трлн теңгені құрады.
- 2020 жылдың тамызында KASE листингілеуден 21 эмитенті өтті, оның ішінде 7 компанияның бағалы қағаздары алғаш рет Биржаның ресми тізіміне енгізілді.
- 2020 жылдың 01 қазанындағы жағдай бойынша KASE сауда-саттық тізімінде 182 эмитенттің 445 мемлекеттік емес бағалы қағаздары тіркелген.
- 2020 жылдың 01 қыркүйегіндегі жағдай бойынша Орталық депозитарийде жеке тұлғалар ашқан 125 771 жеке шот тіркелді, ол 2020 жылдың басына қарағанда 8 076 шотқа артық.

### **НЕГІЗГІ ЖОБАЛАР МЕН ІС-ШАРАЛАР**

2020 жылдың үшінші тоқсанында KASE келесі шаралар мен жобаларға бастама көтеріп, келесі іс-шаралар мен жобаларды жүзеге асырды:

- 23 қыркүйектен бастап "Business FM" радио эфирінде KASE Басқармасы Төрағасының орынбасары Андрей Цалюктің қатысуымен "Қазақстан қор биржасымен қор нарығы" атты бағдарламасы іске қосылды, онда биржаның инфрақұрылымы, қатысушылары, сондай-ақ құралдары туралы әңгімелейді, сондай-ақ жаңадан бастаған инвесторлар үшін инвестициялаудың негізі туралы ақпарат береді.
- 22 қыркүйекте "ДАМУ" кәсіпкерлікті дамыту қоры" акционерлік қоғамымен KASE субсидияланған облигациялары шығарылымы арқылы қаржы тарту мүмкіндіктері туралы баспасөз брифингі өткізілді.

- 22 қыркүйекте "Банк ВТБ" ЕҰ АҚ Басқарма Төрағасы Дмитрий Забеллоның қатысуымен "Банк секторы: жаңа реалия" атты тақырыпта KASE Talks Online өткізілді.
- 2020 жылдың 27 тамызында KASE бес елдің ішінен алты биржаның қатысуымен "Орта Азия және Азербайжан капитал нарығы: үндеулер мен болашағы" атты онлайн-конференция өткізді.
- 2020 жылдың 28 тамызында KASE ЖОО студенттері үшін теориялық және практикалық бөлімдерден тұратын "KASE сауда-саттық: А-дан бастап, Я-ға дейін" атты кешенді білім беру бағдарламасын іске қосты.
- 2020 жылдың 05 тамызында KASE Қазақстан Республикасы қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен бірлесіп, және Factcheck.kz ресурсымен және "MediaNet" МЛЦЖ медиа-мектебімен серіктесіп, бұқаралық ақпарат құралдары өкілдері үшін "Қор нарығы: сауатты жариялаймыз" атты онлайн-семинар өткізді. ic-шараға еліміздің барлық аймақтарынан 40-тан астам журналист қатысты.
- 2020 жылдың 03 тамызында KASE қор нарығында биржалық сауда-саттықты жаңа ASTS+ клиринглік сауда жүйесіне ауыстырып, қор нарығының қаржы құралдары үшін орталық контрагенті болды.
- Тамыз айында KASE Биржаның ақпараттық өнімін пайдаланушылары үшін "Web-Quotes" – сайтта нақты уақыт режимінде сауда-саттықты қарау электрондық төлем әдісін іске қосты.
- 2020 жылдың 24 шілдесінде KASE Шанхай қор биржасы (SSE) мен Халықаралық Шанхай Коммуникация орталығы мен Биржалар раасындағы Ынтымақтастық (SICCCE) арасында ұйымдастырылған, биржалық нарықтың өсу мүмкіндіктерін талқылау бойынша онлайн-кездесуге қатысты. Кездесуге 16 қор биржасының өкілдері қатысты.
- KASE "Эмитент күні" жобасы аясында "Қазақтелеком" АҚ, "Кселл" АҚ, "KEGOC" АҚ және "Қазақстан ипотекалық компаниясы" АҚ басшыларымен инвесторлар, бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары мен БАҚ өкілдері үшін онлайн-кездесулер өткізді.
- KASE KIMEP және Satbayev University, Қазақ-Британ техникалық университеті мен КАЗМЗУ Университеттерінің студенттері, магистранттары мен профессорлық-оқытушылар құрамы үшін "Қор нарығында қалай сату керек" атты вебинарлар өткізді.

## АКЦИЯЛАР НАРЫҒЫ

Жыл басынан бері акциялар нарығының капитализациясы 2,6 % немесе 439,6 млрд теңгеге артып, 17,7 трлн теңгені (41,1 млрд USD) құрады.

2020 жылдың қыркүйек айының аяғында KASE сауда-саттық тізімінде 138 эмитенттің 122 акциялары орналастырылды, олардың ішінде листинглік емес бағалы қағаздар секторында – екі компанияның екі атаулы акциялары болды.

Жыл басынан бері Биржаның сауда-саттық тізімінен бес атаулы акциялардың жай акциялары шығарылды (төрт атау акциялары ресми тізімінен), олардың ішінде үшінші тоқсанда екі атаулы акциялар шығарылды: "Tengri Bank" АҚ акциялары – банктің банктік қызметті жүзеге асыруына арналған лицензиясынан айыруына байланысты және "CHINATOWN" АҚ акциялары – олармен 90 күннің ішінде мәміле жоқ болуына байланысты, "листинглік емес бағалы қағаздар" секторынан шығарылды.

Үшінші тоқсанда KASE ресми тізіміне эмитенттердің екі атаулы акциялары енгізілді: Sinoasia B&R (Синоазия БиЭндАр)" Сақтандыру компаниясы АҚ және "Tengri Partners Investment Banking (Kazakhstan)" АҚ жай акциялары енгізілді.

2020 жылдың тоғыз айында акциялармен сауда-саттық көлемі 155,3 млрд теңгені құрады, 2019 жылдың ұқсас көрсеткішіне қарағанда 31,5 % немесе 37,2 млрд млрд теңгені құрады. Сауда-саттықтың орташа күндік көлемі 848,7 млн теңгені құрады, мәміленің орташа күндік саны - 730, бір мәміленің орташа көлемі – 1,2 млн теңге.

Алғашқы нарық көлемі 3,5 млрд теңгеге бағаланады. 2020 жылдың екінші және үшінші тоқсаны ішінде "БАСТ" АҚ KASE сауда-саттық жүйесінде KZ1C00001015 (BAST) 249 636 жай акцияларын 3,4 млрд теңгеге орналастырды. Компанияның бір акциясына бағасы 12 000 теңгеден

28 000 теңге аралығында болды. 2020 жылдың үшінші тоқсанында "Sinoasia B&R "сақтандыру компаниясы АҚ (Синоазия БиЭндАр)" жазылым аясында бір акцияға 16 200 теңгеден KZ1C00005388 (SABR) 8 500 жай акцияларын жалпы сомасы 137,7 млн теңгеге орналастырды.

Инвесторлардың ішінде жалпы сауда-саттық көлемінің 84,7 % заңды тұлғаларға, 11,4 % – жеке тұлғаларға және 3,9 % екінші деңгейдегі банктерге (ЕБД) берілді.

Акциялардың қайталама нарығындағы сауда-саттық көлемі 28,5 % артып, 151,8 млрд теңгені құрады.

Инвесторлардың негізгі санаты арасында қайталама нарықта жеке тұлғалардың үлесі акциялармен мәмілелердің жалпы көлемінің айналымынан 55,5% келді. ЕДБ үлесі - 0,4 %, брокер-дилерлердің үлесі 14,9 %, өзге институционалдық инвесторлар – 7,0 %, өзге заңды тұлғалар 22,3 %. Бейрезиденттердің қатысуы 10,0 % бағаланады.

## KASE ИНДЕКСІ

2020 жылдың басынан бері KASE Индексі 2,6 % дейін немесе 61,11 нүктеге өсіп, 2 425,16 нүктені құрады. Индекс акцияларымен мәміле көлемі 91,3 млрд теңгені құрады.

Эмитент	Сауда-саттық коды	баға өзгеруі		
		01.01.2020	01.10.2020	жыл басынан бері
"Қазатомпром" Ұлттық атом компаниясы АҚ	KZAP	5 218,00	6 185,00	+18,5%
"Kcell" АҚ	KCEL	2 330,00	2 590,00	+11,2%
KAZ Minerals PLC	GB_KZMS	2 630,02	2 921,09	+11,1%
"KEGOC" АҚ	KEGC	1 624,00	1 710,00	+5,3%
"Банк ЦентрКредит" АҚ	CCBN	226,10	219,01	-3,1%
"Қазақтелеком" АҚ	KZTK	27 100,00	24 980,98	-7,8%
"Қазақстан Халық Жинақ банкі" АҚ	HSBK	131,00	114,60	-12,5%
"КазТрансОйл" АҚ	KZTO	1 035,90	801,50	-22,6%

2020 жылдың тоғыз айындағы қорытындысы бойынша акциялар арасында KASE Индексі акцияларының ішінде "Қазатомпром" Ұлттық атом компаниясы АҚ (KZAP) жай акциялары қоржыны көшбасшы болды, олардың бағасы жыл басынан бері бір акцияға 18,5 % өсіп, 6 185,00 теңгені құрады. Акциялардың негізгі қолдау факторы ретінде компанияның өз саласында алдыңғы қатарда болуы, өзінің дивидендтік саясатына бейілділігі, уран бағасының өсуі, жеткізуші келісім-шарттардың тұрақтылығы орын алды.

Жахандық қор индексі мен шикізат нарығының құлдырауы аясында "Қазатомпром" Ұлттық атом компаниясы АҚ жай акциялары KASE алаңында 10 наурызға қарай бір данасы 4 707,01 теңге көлеміне дейін құлдырады (2020 жылдың басына қарағанда -9,8 %). Осы бағадан уранның споттық бағасының өсуі аясында акциялар бағасының арттыру трендінің есебі басталды, оның бағасы 18 мамырда бір фунтқа \$34,10 (UxC Broker Average Price) құрады – 2016 жылдың ақпан айынан бергі ең жоғарғы көрсеткіш. Уранның бағасының жаңадан өсуіне себептердің бірі логистикалық тізбектердегі жұмыстардың кешеуілдеуі мен нарықтағы сұраным бола тұра ірі солтүстік америкалық рудниктердің жабылуы болып табылады. Уран нарықтың құлдырауынан кейін тез қалпына келтірілген және коронавирус пандемиясына дейін байқалған деңгейден жоағыр қымбаттаған шикізат активтерінің бірі болды. Сөйтіп, Чикаго товар биржасында (CME) қыркүйектегі жағдай бойынша уран фьючерсі бір фунтқа \$30,95 жабылды, жыл басынан бері бағасы 24 % қымбаттады. 04 қыркүйекте KZAP бір акциясының құны 6 390,00 теңгеге жетті, ол атом компаниясының қағаздарымен KASE сауда-саттық кезеңіндегі ең максималды мәні болып табылады (наурыз айындағы төменгі мәніне қарағанда +35,8 %).

"Кселл" АҚ үшін 2020 жылдың тоғыз айы қор индексінің жахандық құлдырауына және әлемдік экономикалық рецессияға қарамастан, бір қалыпты өтті. Kcell жай акцияларының өсімі алғашқы үш тоқсанда 11,2 % құрап, 2 590,00 теңге. Пик стоимости акции АО "Кселл" АҚ акцияларының өсімінің шығырау шегі 22 қыркүйекке келді, ол кезде баға 2 595,51 теңгені құрады, ол ағымдағы жылдың мәнінен 14,2 % жоғары (28 ақпан). Мобильдік оператордың акцияларының баға белгілеулерінің өсімі карантиндік шаралар мен корорнавирустың өршуіне байланысты азаматтардың оқшаулануына орай, интернетке кіру қызметіне деген сұранымның өсуімен байланысты болды. Сонымен қатар, талдау жасап отырған кезеңде Fitch Ratings агенттігі Kcell эмитент дефолтының ұзақ мерзімді рейтингін ВВ деңгейінен ВВ+ деңгейіне дейін арттырды, болжам "Тұрақты". 28 мамырда "Кселл" АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы өткізілді, онда қазақстандық мобильдік байланыс операторы 9 млрд теңгені (бір акцияға 45 теңге немесе ЖДҚ) 2019 жылға дивиденд төлеуге жұмсады, солайша 2018 жылмен салыстырғандағы дивиденд төлемін 1,5 есе арттырды.

Қаржылық есептілікке сәйкес, 2020 жылдың бірінші жартыжылдығында компанияның таза табысының көлемі 7,7 % дейін өсіп, 78,7 млрд теңгені құрады, абоненттік база төмендеген жағдайда 7,9 млн абонент (жылдық мәні -9,4 %). Kcell таза табысы 8,6 млрд теңгені құрады, 2019 жылдың бірінші жартыжылдығындағы таза шығынмен салыстырғанда 812 млн теңге, оның себебі "Кар-Тел" (Beeline Казахстан) желісін бірлесіп пайдалану туралы ынтымақтастық аясында келісімді тоқтатқаны үшін 14,5 млрд теңге көлемінде айыппұл төленді.

2020 жылдың 9 айының қорытындысы бойынша ең төмен қарай құлдырау "КазТрансОйл" АҚ жай акцияларында байқалады, 22,6 % дейін төмендеп, 801,50 теңгені құрады, сөйтіп, 2016 жылдың деңгейіне дейін жетті. Акциялардың құнының көтерілуі 08 шілдеде болды, олардың бағасы ағымдағы жылдың төменгі деңгейінен 13,5 % қымбаттап, 842,00 теңгеге жетті (04 маусым).

20 шілдеде компания 2020 жылдың бірінші жартыжылдығының жұмыс қорытындысы туралы хабарлады, оған сәйкес, мұнайдың шоғырландырылған жүк айналымы 22,2 млрд тонна-шақырымға дейін жетті, ол 2019 жылдың сәйкес кезеңінен 735 млн тонна-шақырымға аз. Қазақстан Республикасының магистралдық мұнай өңдеу заводтары жүйесі бойынша тасымалдау көлемі 10,0 % төмендеп, 7,4 млн тонна мұнайды құрады. Өндірістік қызметтегі көрсеткіштің төмендеуі 2020 жылдың бірінші жартыжылдығының қорытындысы бойынша қаржылық көрсеткішінде байқалады. Сонымен, 2020 жылдың бірінші жартыжылдығының қорытындысы бойынша компанияның шоғырландырылған таза табысы өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда, 25,6 % төмендеп, 13,4 млрд теңгені құрады. На годовом общем собрании акционеров АО "КазТрансОйл" АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысында 27 мамырда 2019 жылға дивиденд төлеуге 45,4 миллиард теңге жұмсауға шешім қабылданды ( бір акцияға 118 теңге), ол 2018 жылға қарағанда 13,5 % артық. Ағымдағы жылдың тамыз айының ортасынан бастап, КазТрансОйл акциялары "қапталда қалып отыр".

## **КОРПОРАТИВТІК ОБЛИГАЦИЯЛАРДЫҢ НАРЫҒЫ**

Корпоративтік борыштың сауда-саттық көлемі 2020 жылдың тоғыз айында 18,3 % артып немесе 2 219,0 трлн теңгеге артып, 14,3 трлн теңгеге (33,4 млрд USD) жетті.

2020 жылдың 01 қазан айындағы жағдай бойынша KASE ресми тізімінде 70 эмитенттің корпоративтік облигацияларының 261 шығарылымы болды. Жыл басынан бері KASE ресми тізіміне 13 эмитенттің корпоративтік облигациялардың үш (3) шығарылымы енгізілді: олардың шінде үшінші тоқсанда төрт эмитенттің жеті облигациялар шығарылымы (1 жаңа) листингілеу рәсімінен өтті.

KASE\_BMY корпоративтік облигациялардың кірістілік индексінің мәні тамыз айында 8 базистік нүктеге өсіп, жылдық 10,92 % құрады.

Алғашқы тоғыз айда жиынтық көлемі 1,3 трлн теңгені құрады, 2019 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 38,9 % төмендеп, немесе 832,9 млрд теңгені құрады. Төмендеу алғашқы нарықта да (27,1 %), қайталама нарықта да (61,2%) байқалды.

Орташа күндік сауда-саттық көлемі 7,1 млрд теңге, орташа күндік мәміле саны – 11,5, бір мәміленің орташа көлемі – 618,4 млн теңге.

Барлығы Қазақстан қор биржасында 14 эмитенттің 29 облигациялық шығарылымы жалпы сомасы 1,0 трлн. теңгеге орналастырылды, оның ішінде үшінші тоқсанда 402,8 млрд теңге тартылды.

- "Қазақстан тұрақтылық қоры" АҚ ("Баспана" Ипотекалық ұйымы АҚ құқық мирасқоры) алты облигациялары шығарылымын орташа сараланған кірістілігі тиісінше жылдық 10,70 -11,30 %, орналастырып, 237,3 млрд теңге тартты;
- "Аграрлық несие корпорациясы" АҚ облигациялардың үш шығарылымын орташа сараланған кірістілігі тиісінше жылдық 10,75 %-бен орналастырып, 51,7 млрд теңге тартты;
- "Қазақстан Даму Банкі" АҚ өтеу кірістілігі бес жылдық және жиырма жылдық облигацияларын жылдық 11,0 %, 0,15 % және 11,80 %-бен орналастырып, 80,6 млрд теңге тартты;
- "Қазақстан Ипотекалық Компаниясы" Ипотекалық ұйымы" АҚ ("Байтерек девелопмент" АҚ құқық мирасқоры) өтеу кірістілігі он бір жылдық облигацияларын жылдық 11,0 %, 0,15 % және 6,02 %-бен, отыз жылдық облигацияларын жылдық 6,02 % орналастырып, 400,5 млрд теңге тартты;
- "КазАгроҚаржы" АҚ екі шығарылым облигацияларын жылдың өтеу кірістілігі жылдық 12,70% және 13,00 %-бен орналастырып, 33,2 млрд теңге тартты;
- "Бөлшек және жеке сауда-саттық кәсіпорны" АҚ орташа сараланған өтеу кірістілігі жылдық 10,50 % облигацияларды орналастырып, 472,3 млн теңге тартты;
- "ТехноЛизинг" ЖШС орташа сараланған өтеу кірістілігі жылдық 17,32 % облигацияларды орналастырып, 1,3 млрд теңге тартты;
- "СевКазЭнерго" АҚ өтеу кірістілігі жылдық 13,75 % облигацияларды орналастырып, 5,0 млрд теңге тартты;
- "First Heartland Jýsan Bank" АҚ өтеу кірістілігі жылдық 0,1 % облигацияларды орналастырып, 15,0 млрд теңге тартты;
- "Самұрық-Қазына" Ұлттық әл-ауқат қоры" АҚ өтеу кірістілігі жылдық 12,5 % 13 айлық облигацияларды орналастырып, 129,2 млрд теңге тартты;
- "Нурбанк" өтеу кірістілігі жылдық 4,00 % 15 жылдық облигацияларды орналастырып, 46,8 млрд теңге тартты;
- "KEGOC" АҚ өтеу кірістілігі жылдық 12,00% 15 жылдық облигацияларды орналастырып, 9,0 млрд теңге тартты;
- "ОнлайнКазҚаржы шағын қаржы ұйымы" ЖШС облигацияларын кірістілігі жылдық 19,00 % орналастырып, 1,9 млрд теңге тартты;
- "КазТрансГаз Аймақ" АҚ өтеу кірістілігі жылдық 7,5000 % облигацияларын орналастырып, 5,7 млрд теңге тартты.

Корпоративтік облигацияларлық қайталама нарығындағы инвесторлардың негізгі санаттары бойынша ЕДБ үлесі – 22,1 %, брокер-дилерлердің үлесі – 2,5 %, басқа институционалдық инвесторлар – 29,9 %, өзге заңды тұлғалардың үлесі 45,4 % болды. Резидент еместердің қатысу үлесі 2,1 % бағаланды.

Облигациялардың қайталама нарығындағы сауда-саттық көлемі тоғыз айда шілде айындағы көрсеткіштен на 61,2 % немесе 455,2 млрд теңгеге төмендеп, 2019 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 289,0 млрд теңгеге дейін құлдырады.

Корпоративтік облигацияларлық қайталама нарығындағы инвесторлардың негізгі санаттары бойынша ЕДБ үлесі – 9,1 %, брокер-дилерлердің үлесі – 16,9 %, басқа институционалдық инвесторлар – 19,8 %, өзге заңды тұлғалардың үлесі 50,1 %, жеке тұлғалардың үлесі - 50,1 % болды. Резидент еместердің қатысу үлесі 14,4 % бағаланды.

### **МЕМЛЕКЕТТІК БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР (МБҚ)**

Биржада саудаланатын мемлекеттік борыштың номиналдық құны бойынша сомасы жыл басынан бері 23,2 % немесе 3 трлн теңгеге өсіп, 16,0 трлн теңгені (37,2 млрд USD) құрады.

МБҚ сауда-саттықтарының жиынтық көлемі 2019 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 2,2 есе немесе 2 013,7 млрд теңгеге өсіп, 3 639,8 млрд теңгені құрады. Үшінші тоқсанда сауда-саттық көлемі 1 317,5 млрд теңгені құрады.



2020 жылдың тоғыз айының қорытындысы бойынша сауда-саттықтардың орташа күндік көлемі 19,9 млрд теңге болды (қайталама нарықта – 4,2 млрд теңге); орташа күндік мәмілелер саны – 8 (қайталама нарықта – 5); бір мәміленің орташа көлемі - 2,5 млрд теңге (қайталама нарықта бір мәміленің орташа көлемі – 0,9 млрд теңге).

МБҚ бастапқы нарығындағы сауда-саттық көлемі 2.2 есе өсіп, 1 559,9 млрд теңгеден 2 876,0 млрд теңгеге дейін өсті. Олардың ішінде 672,4 млрд теңге 14 облыстың әкімдіктері және Алматы, Нұр-Сұлтан, Шымкент қаласының әкімдіктері орташа сараланған кірістілігі жылдық 9,48–11,07 % (9,47-12,0 жылдық) 2 203,6 млрд теңге тартты.

2020 жылдың үшінші тоқсанында орналастыру көлемі 1 054,4 млрд теңгені құрады, олардың ішінде 227,2 млрд теңгені әкімдіктер тартты, Қаржы министрлігі – 827,2 млрд теңге тартты. Қаржы министрлігінің орналастыру аукциондарындағы мөлшерлемесі жылдық 10,15–10,85 % аралығында қалыптасты.

Қайталама нарықтағы инвесторлардың негізгі санаттары бойынша ЕДБ үлесі – 18,4 %, брокер-дилерлердің үлесі – 0,6 %, басқа институционалдық инвесторлар – 57,3 %, өзге заңды тұлғалардың үлесі 23,7 %, жеке тұлғалардың үлесі – 0,1 % асқан жоқ. Резидент еместердің қатысу үлесі 0,5 % болады.

Қайталама нарықтағы сауда-саттық көлемі 2,5 есе өсіп, 763,9 млрд теңгені құрады. Қайталама нарықтағы Ұлттық Банктің ноттарымен сауда-саттық үлесі сауда-саттықтың жалпы көлеміне қарағанда бұрынғыдай жоғары деңгейде – 56,3 % (немесе 430,4 млрд теңге), МЕКАМ үлесі – 43,4 % немесе 331,3 млрд теңге. Остальной объем, составляющий менее 1 % (2,2 млрд теңге) құрайтын қалған көлемі Қазақстан Республикасының еурооблигациялармен және шет елдік мемлекеттердің МБҚ мәмілелеріне келді.

Қайталама нарықтағы инвесторлардың негізгі санатында ЕДБ үлесіне 35,7 %, брокер-дилерлердің үлесіне – 1,9 %, өзге институционалдық инвесторлардың үлесіне – 50,9 %, өзге заңды тұлғалардың үлесіне - 11,5 %, жеке тұлғалардың үлесіне - 0,1 %. Бейрезиденттердің қатысуы 5,9 % бағаланады.

### **ХҚҰ ОБЛИГАЦИЯЛАРЫ**

Есептік кезеңнің соңына қарай KASE сауда-саттық тізімдерінде төрт халықаралық қаржы ұйымдарының облигацияларының 30 шығарылымы болды: Азиялық даму банкі, Еуразиялық даму банкі, Еуропалық қайта құрылымдау және даму банкі, Еуропалық инвестициялық банк, Халықаралық қаржы корпорациясы (IFC).

2020 жылдың басынан бері KASE ресми тізіміне облигациялардың үш шығарылымы енгізілді, олардың екеуі 2020 жылдың үшінші тоқсанында: Еуразиялық даму банкі, Еуропалық қайта құрылымдау және даму банкі.

Өткен кезеңде сауда-саттық көлемі 114,9 млрд теңгені құрады, ол 2019 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 299,4 млрд теңге немесе 72,3 % төмен.

Алғашқы нарықта сауда-саттық көлемі 113 млрд теңге 2019 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 408,5 млрд теңге.

Барлығы есептік кезеңде үш облигациялар шығарылымы болды, олардың екеуі 2020 жылдың үшінші тоқсанында болды:

- IFC 28 сәуірде XS2159908776 (IFC\_K280422) екі жылдық халықаралық облигацияларды жылдық 11,00 % орналастырып, жазылым арқылы 13,0 млрд теңге тартты;
- Еуропа қайта құрылымдау және даму банкі 17 тамызда XS2214305737 (EBRDE11) сегіз жылдық халықаралық облигацияларды жылдық 1 % маржамен орналастырып, жазылым арқылы 60, 0 млрд теңге тартты;
- Еуразия даму банкі 28 тамызда KZ2D00006939 (EABRb12) екі жылдық халықаралық облигацияларды жылдық 11,0 % орналастырып, 40,0 млрд теңге тартты.

Негізгі инвесторлар санатында алғашқы нарықта ЕДБ үлесіне 21,8 %, өзге институционалдық инвесторларға – 72,0 %, өзге заңды тұлғалардың үлесіне 6,2 % келді.

Қайталама нарықтағы сауда-саттық көлемі 1,9 млрд теңгені құрады, ол 2019 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда үш есе аз.

Инвесторлардың негізгі санатында қайталама нарығында ЕДБ шоттарына 2,7 % құрады, брокер-дилерлердің үлесі – 28,0 %, өзге институционалдық инвесторлардың үлесі – 53,9 %, өзге заңды тұлғалар – 15,0 %, жеке тұлғалардың үлесі – 0,4 %.

### ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚОРЛАРДЫҢ ҮЛЕСПҮЛДАРЫ

01 қазандағы жағдай бойынша "Инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары" секторында он компанияның басқаруындағы он үш қаржы құралы болды.

Жыл басынан бері KASE ресми тізіміне SPDR Gold Trust инвестициялық қоры шығарған SPDR Gold Shares акциялары және "Алғашқы орналастыру қоры" ЖЗИҚ үлеспұлдары қосылды.

Есептік кезеңде сауда-саттық көлемі 10,1 млрд теңгені құрап, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 18 есе немесе 9,5 млрд теңгеге артты. Оның өсімі "Алғашқы орналастыру қоры" жабық үлеспұл инвестициялық қоры нарықтық қаржы құралдарының RU000A101NK4 (RU\_UKFFipo) үлеспұлдарын сатып алу бойынша арнайы мамандандырылған сауда-саттық өткізуге байланысты болды. Барлығы 10,4 млн АҚШ доллары 490 000 көрсетілген үлеспұлға (балама 4 355,1 млн теңге) бір үлеспұлға 21,2 АҚШ доллары.

Қаржы құралы	Көлемі, млн KZT	Мәмілелер саны
RU_UKFFipo	7 663,4	815
FFIN_or	1 069,1	27
US_BIL_	408,3	32
IE_FXBF	407,2	302
CSECFe	217,5	43
CSECgm	164,9	39
US_SPY_	154,3	429
ASYL_or	20,7	5
	<b>10 105,5</b>	<b>1 692</b>

Инвесторлардың негізгі санаттары бойынша жеке тұлғалардың үлесі – 64,3 %, заңды тұлғалардың үлесі 64,3 %, басқа институционалдық инвесторлар – 1,1 %, брокер-дилерлердің үлесі – 19,9 % болды. Бейрезиденттердің қатысуы 5,9 % бағаланады.

### БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫНДАҒЫ ЖЕКЕ ТҮЛҒАЛАРДЫҢ ШОТТАРЫ

2020 жылдың 01 қазанындағы жағдай бойынша Орталық депозитарийде жеке тұлғалардың атынан ашылған 125 771 жеке есеп-шоттар болды, бұл көрсеткіш алдыңғы айға қарағанда 1 158 шотқа және 2020 жылдың басына қарағанда 8 076 шотқа артты.

### ШЕТЕЛ ВАЛЮТАЛАРЫНЫҢ НАРЫҒЫ

Шетел валюталары нарығындағы сауда-саттық көлемі 8 390,5 млрд теңгеге жетіп, өткен жылдың көрсеткішінен 86,9 млрд теңгеге немесе 1% артық. Орташа күндік мәмілелер саны 2020 жылдың тоғыз айында – 45,98 млрд теңге, бір мәміленің орташа күндік саны – 406, бір мәміленің орташа көлемі – 95,1 млн теңге, бір мәміленің орташа күндік көлемі – 113,0 млн теңге.

Төмендегі кестеде Биржада саудаланатын валюталық жұптардың негізгі сипаттамалары келтірілген (жақшаның ішінде көрсеткіштің өткен айдағы ұқсас кезеңіне қатысты өзгеруі, бағамның өзгеруі шетел валютасының теңгеге орташа сараланған биржалық бағамының номиналды өзгеруін көрсетеді).

Жұп	Көлему, валюта бірл.млн	Сауда-саттық көлеміндегі үлесі, %	Мәмілелер саны	Базалық бірл. айырбаст. валют. мин. және макс. бағамдары	Айдың соңындағы бағам (өзг.%)
USD/KZT	USD/KZT	20 252,38 (-8,2 %)	98,6 % (-0,7 %)	72 785 (+13 289)	375,94 –448,50

RUB/KZT	RUB/KZT	7 553,55 (+66,7 %)	0,5 % (+0,2 %)	674 (-45)	5,3929 – 6,2032
CNY/KZT	CNY/KZT	1 021,61 (x 3,9)	0,7 % (+0,5 %)	611 (+57)	53,4087 – 64,5200
EUR/KZT	EUR/KZT	27,93 (-39,6 %)	0,2 % (-0,1%)	149 (-66)	406,00 – 507,51

## АҚША НАРЫҒЫ

Тоғыз айдың қорытындысы бойынша сауда-саттық көлемі өткен жылдың кезеңімен салыстырғанда 7,2 % немесе 5 613,5 млрд теңгеге төмендеп, 71 939,8 млрд теңгені құрады.

Тамыз айының соңында бір күндік долларлық своп операцияларының кірістілігі SWAP-1D (USD) 8,11 %-дан 9,73 %-ға артып, 162 б.н. құрады. Екі күндік своп операцияларының кірістілігі SWAP-2D (USD) сондай-ақ, жылдық 8,76 % -дан 9,98 %-ға артып, 122 б.н. құрады.

USD/KZT валюталық своп операциялары бойынша және бір жұмыс күніне ашылған, МБҚ автоматты репо операциялар бойынша орташа сараланған мәміле көлемі арқылы кірістілік мәнін көрсететін қаржы нарығының композиттік индикаторы MM\_Index, 121 б.н. артып, жылдық 10,07 % дан 9,85 %-қа дейін төмендеді.

KazPrime-3M (KZT) индикаторы 2020 жылдың тоғыз айының қорытындысы бойынша 25 б.н өсіп, 10,25 %-дан 10,50 % дейін (2020 жылдың 22 қыркүйегінде осы күннен кейін есептеу тоқтатылды). KazPrime-3M (KZT) көрсеткіштері барлық кезеңде Ұлттық Банктің базалық мөлшерлемесі дәлізінің төменгі шекарасы шегінде өзгеріссіз қалды.

## Репо операцияларының нарығы

Тоғыз айда репо операцияларының көлемі 63,7 трлн теңгені құрады, ол өткен жылдың көрсеткішіне қарағанда 9,9 трлн теңге немесе 18,3 % артық. Репо операцияларының орташа күндік көлемі 347,6 млрд. теңге болды, орташа күндік мәмілелер саны – 450, бір мәміленің орташа көлемі – 772,1 млн теңге.

2020 жылдың тоғыз айында TONIA индикаторы (бір жұмыс күні мерзімімен репо ашылу мөлшерлемесі бойынша орташа сараланған пайыздық мөлшерлемесі) 42 б.н төмендеді, жылдық 10,05 % -дан 9,63 % дейін. TWINA индикаторы (жеті жұмыс күні мерзіміне репо ашылымы мәмілелері бойынша орташа сараланған пайыздық мөлшерлемесі) – 72 б.н., жылдық 10,01 % -дан 9,29 %-ға дейін.

## Валюталық своп операциялары

2020 жылдың тоғыз айында валюталық своп нарығындағы операциялардың сауда-саттықтар көлемі 8 320,6 млрд теңге, ол 2019 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 15 435,8 млрд теңге немесе 65,0 % аз. Операцияларының орташа күндік көлемі 45,5 млрд теңгені құрады.

Қаржы құралдарының құрылымында сауда-саттықтардың жалпы көлеміндегі 43,2 % (3 593,7 млрд теңге немесе 8,7 млрд USD) бір күндік валюталық своптардың нарығында бір күндік валюталық своп мәмілесіне (USDKZT\_0\_001) жалпы сауда-саттық көлемінен 54,3 % (4 521,6 теңге немесе 8,7 млрд USD), бір айлық валюталық своп мәмілесіне сауда-саттықтың жалпы көлемінен 2,2 % (185,0 млрд теңге немесе 0,5 млрд USD), бір айлық валюталық своп мәмілелері (USDKZT\_01M), сауда-саттықтың жалпы көлемінен 0,2 % (20,3 млрд теңге немесе 0,1 млрд USD).

Бір күндік долларлық своп операцияларының SWAP-1D (USD) кірістілігі тоғыз айда 60 б.н. артып, жылдық 10,16 %-дан 10,76 % құрады, екі күндік своп SWAP-2D (USD) 25 б.н. азайып, жылдық 10,07 % -дан 9,82 %-ға төмендеді.

## ДЕРИВАТИВТЕР НАРЫҒЫ

Биржалық нарықтың деривативтер секторында саудалауға, базалық активтері АҚШ доллары және KASE Индексі, акциялардың жекелеген атаулары болып табылатын, фьючерстер қолжетімді.

2020 жылдың тоғыз айында, 17 маусымда, орындалу күні 2020 жылдың 22 маусымында бір АҚШ долларына 405 теңгеден апталық валюталық фьючерс бойынша базалық активі 1 000 АҚШ



долларымен бір операция жүргізілді. Қазан айының басында деривативтер нарығының сауда-саттыққа қатысушыларының ашылған жайғасымдары болған жоқ.

## **Анықтама үшін**

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Орталық Азия аймағындағы жетекші қор биржасы болып табылады. KASE бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі бойынша ТМД қор биржаларының арасында екінші орын, ал FEAS қор биржаларының арасында нарықтық капиталдандыру деңгейінде алтыншы орын алады.

Бұл – репо нарығының құралдары, шетел валюталары, мемлекеттік және корпоративтік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы институттарының облигациялары, сондай-ақ туынды қаржы құралдар үшін әмбебап сауда-саттық алаңы болып табылады, замани технолигияларды иеленген және қабылданған халықаралық стандарттарға сәйкес сауда-саттықтық және сауда-саттықтан кейінгі қызметтердің толық спектрын көрсетеді.

KASE Биржа федерациясының (WFE), Еуро-Азиялық қор биржалар федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби қауымдастықтарының мүшесі, сондай-ақ БҰҰ-ның "Қор биржасы тұрақты даму үшін" бастамасының қатысушысы болып табылады.

KASE жергілікті және шетелдік қатысушылар үшін айқын инвестициялық ортаны қамтамасыз ету арқылы Қазақстанның экономикалық өсуіне себептеседі.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, [pr@kase.kz](mailto:pr@kase.kz).